

КСРО Конституциясында жарияланған көптеген ережелер қазір нақты мазмұнмен толықтырылуда: биліктің бөлінуі, жергілікті өзін-өзі басқару, Адам құқықтары, азаматтық қоғам, құқықтық мемлекет, әлеуметтік мемлекет және т. б.

Мемлекеттік аппаратты ұйымдастыру және оның қызметінің қағидаттары теориялық құқықтық базаның мемлекеттік-құқықтық құрылыста практикада нақты жүзеге асыру үшін дайындық сатысы ретінде қаншалықты маңызды екенін көрсетеді.

Дұрыс тұжырымдалған мазмұн, талдау және объективті және субъективті факторлардың қажетті критерийлерінің нақты анықталған шеңбері, теориядағы негізгі құрылымды сақтай отырып, әртүрлі нұсқаларды ұсыну кейде ұрпақтар мен жеке адамдардың тағдырын бұзатын іс жүзінде ауыр "тәжірибелерден" аулақ болуға көмектеседі.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Мемлекеттік аппараты жетілдірілмеген және оны дамыту мен жетілдіруге талпыныс жасалуда.

Алайда, біздің мемлекеттік аппаратты басқарудың толық, мінсіз формуласы ретінде, белгілі бір статикалық зат ретінде қабылдауға болмайды, өйткені ол сонымен бірге болмыстың категориясы және шындықты өзгертетін идеалдың бір түрі болып табылады.

Сайып келгенде, мемлекеттік аппараттың заңнамалық және ұйымдық құрылымы өзінің толыққанды дамуына жол ашады, нәтижесінде бізде тиімді мемлекеттік аппарат болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Барнашов А.М. Теория разделения властей: становление, развитие, применение. Томск: Изд-во Том. ун-та, 1982.
2. Монтескье Ш. Избранные произведения М., 1955г.
3. Мишин А.А. Принцип разделения властей в конституционном механизме США. – М., 1984г.
4. Қаржаубаев Е.К. Принцип разделения властей в организации государственной службы // Государство и Право. 2007. № 11. – С. 39-42.
5. Малый А.Ф. Государственная власть как правовая категория // Государство и право. – 2001. № 3. – С. 3-9.
6. Венгеров А.Б. Теория государства и права. Учебник для юридических вузов. – М.: Новый Юрист, 1998. 624с.
7. Нүркенов А. Биліктің бөліну принципіннің конституциялық ережелері // Адам және қоғам. Ғылыми сараптамалық журнал. 2006. – Б. 55-59.
8. Бадретдинов З.А., Бадретдинов В.З. Власть и человеческое существование // Вестник Тамбовского государственного университета. 2008. – Т.14. - № 1. – С.34-38.

БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Шакирова А.Б.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің I курс докторанты

Байназарова Т.С.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, оқытушы

Қазіргі жаһандану жағдайында білім беру ортасында адам құқықтарын реттеу, қамтамасыз ету ерекшеліктері қоғам мен мемлекет дамуының маңызды және қажетті шарты болып табылады. Қазіргі кезеңде қоғамдық өмірдің барлық аспектілері белсенді түрде реформалануда. Бүгінгі таңда еуропалық интеграциялау үрдісі қоғамдық өмірді кеңінен қамтып келе жатыр. Соның бірі білім беру ортасы. Білім беру ортасындағы адам құқықтарының қамтамасыз етілу сұрақтары бүгінде әр түрлі тұрғыдан қарқынды

талқылануда. Бұл тақырыптың маңыздылығы мен өзектілігін дәлелдеудің қажеті жоқ, өйткені адам құқықтары демократиялық саяси кеңістіктің органикалық құрамдас бөлігі болып табылады және қоғамдық қатынастарды ізгілендіру, шығармашылық тұлғаны қалыптастыру және постиндустриалды адамзат қалыптастыруда қоғам мен мемлекет өмірінің кез- келген құрылымдарында көрініс тауып, қажеттілікке ие бола алады.

Білім беру үлкен әлеуметтік мәнге ие және біртіндеп мемлекеттің ішкі мүдделерін қанағаттандыру саласынан халықаралық деңгейге шығады. Білім алу құқығы халықаралық келісімдер дәрежесінде бекітілген және халықаралық құқықпен танылған негізгі адам құқықтарының бірі болып табылады. Алайда, құқықтың жүзеге асырылу тетігінсіз өміршең бола алмайды. Осы тұрғыда орыс ғалымы С.В.Черниченко былай дейді: «Әлеуметтік құндылық және құқықтық нормалардың тиімділігі, оның ішінде халықаралық құқықтық нормалардың тиімділігі оларды жүзеге асыру үрдісінде ғана көрініс табады. Нақ осы үрдіс құқықтың жүзеге асырылуы бола отырып, оны өміршең етеді» [1,49].

Экономикалық және саяси жүйені реформалау, қазіргі өмірдің барлық салаларын жаңғырту жағдайында білім беру мәселелері ерекше мәнге ие болады. Білім беру ортасындағы адам құқықтарын қамтамасыз ету мәселелерін талдамас бұрын білім беру ортасының түсінігін ажыратып алу қажеттілігі туындайды. "Білім" термині адамның мәдени келбетін қалыптастыру процесі ретінде, арнайы институт ретінде (білім беру жүйесі) бірнеше мағанада қарастыруға болады. В.А. Ясвиннің айтуы бойынша білім берудің мәні «адамның рухани келбетін қалыптастырудың, оның қоғам мәдениетін игеру негізінде әр түрлі қызмет салаларында жеке және әлеуметтік маңызды мәселелерді дербес шешу қабілетін дамытудың ерекше ұйымдастырылған процесі" деп түсіндіреді. Ал, білім беру ортасы (В.А. Ясвин бойынша) - әлеуметтік негізделген үлгі бойынша жеке тұлғаға арнайы ұйымдастырылған мақсатты қалыптастыру процесі [2, 25]. Білім беру ортасы педагогтың (мұғалімнің) және білім алушы мен тәрбиеленушінің кездесуі (байланысы) болған кезде пайда болады, нәтижесінде олар осы ортаны объект ретінде және бірлескен іс-әрекеттің ресурсы ретінде жобалап, құра бастайды. Яғни, білім беру ортасы адамды қалыптастырса, ал адам білім беру ортасын өзгертеді. Адам мен білім беру ортасының өзара әрекеттесу шектері негізіндегі арақатынасына байланысты білім беру ортасын екі деңгейге бөліп қарастыруға болады: белсенді және төмен. Белсенді білім беру ортасы - бұл барлық элементтер үздіксіз қозғалатын, адамды өзгертетін және жаңа күйлерге (тиімді күйлер) әкелетін орта. Төмен білім беру ортасы - бұл барлық элементтер қозғалатын, белгілі бір тепе-теңдікке келетін орта. Адамды білім беру ортасы толығымен қалыптастырады және оның өнімі болып табылады, тек интеллектуалды дамыған адамдар ғана өздерін білім беру ортасының белсенді деңгейіне көтеріліп, білім беру ортасының оған әсерін бағалай алады және өзін өзгертуге тырысады.

Білім беру ортасы-соңғы онжылдықта білім беру мәселелерін талқылау мен зерттеуде кеңінен қолданылатын ұғым, оның көп өлшемділігі мен белгісіздігін растайтын "білім беру ортасының феномені" термині пайда болды. Білім беру ортасының феноменін қарастыру кезіндегі түсініктерге тоқталсақ, онда білім беруді әлеуметтік өмірдің саласы ретінде ажыратса, ал білім беру ортасын оның негізгі факторы ретінде қарастырады.

Білім беру ортасы түсінігін құқықтық қырынан ашып қарастырсақ, біздің ойымызша, білім беру ортасы - бұл олардың қызметі бірыңғай әдістемеге бағынатын, жеке тұлғаны қалыптастыруға және оның қоғаммен және мемлекетпен өзара әрекеттесуіне бағытталған, барлық типтегі білім беру мекемелерінің, оның ішінде олардағы білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, олардың басқару органдарының, қамқоршылық және қорғаншылық органдарының жиынтығы.

Білім әлеуметтенудің маңызды факторы ретінде адамға қоршаған әлемді, оның әлеуметтік-мәдени және табиғи ортамен байланысын түсінуге, қазіргі әлем мен оның орны туралы белгілі бір дәйекті көзқарасты дамытуға көмектесуге арналған. Сондықтан адамның дүниетанымы, білімі мен тәрбиесі және білім беру ортасын қалыптастыру және дамыту мәселелері, адам құқықтарымен өзара байланысты қарастырылуы керек. Білім беру ортасының негізгі функциясы адам құқықтарын қамтамасыз ете отырып, оны дамыту мен

жетілдіру барысындағы олқылықтарды толтыру болып табылады. Сонымен қатар, дұрыс ұйымдастырылған білім беру ортасының маңызды міндеттерінің бірі – баланың бейімділігі мен дарындылығын анықтау, адамның жеке ерекшеліктеріне, қабілеттері мен мүмкіндіктеріне және құқықтарын жүзеге асыру нсанына сәйкес даму бағыттылығын қалыптастыру.

Әрбір мемлекеттің даму көрсеткішінде, ол мемлекеттің халыққа сапалы білім беру деңгейі ерекше орын алатыны белгілі. Білім - адам ойының мәңгілік тақырыптарының бірі. Білім алу ортасындағы туындаған мәселелер қоғамда өздігінен орын алып оның өзектілігін дәлелдеуді қажет етпейтін, өзін-өзі айқындайтын қанықтылығымен ерекшеленеді. Яғни, білім алу бұл адамның тұлғалық қасиеттерін дамытудың бір тармағы деп түсінеміз. Сосыған сәйкес, білім беру ортасындағы адам құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері ашылатын, осы институттың негізгі ерекшеліктерін ажыратып қарастыратын бұл тақырып бүгінгі күн үшін де өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Білім беру ортасындағы адам құқығы адам құқықтары жүйесінде ерекше орын алады және адам құқықтарының халықаралық стандарттарына кіреді. Өз кезегінде, Қазақстан Республикасы халықаралық қауымдастықтың толыққанды мүшесі бола отырып, азаматтардың білім алу құқықтарын қамтамасыз ету барысында азаматтық қоғам мен демократияны дамыту мақсатында халықаралық құқық нормаларына адалдығын айқын көрсете отырып, халықаралық міндеттемелерді де қабылдайды. Мәселен, 2016 жылғы 28 тамызда Қазақстан «Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы» конвенцияны ратификациялады. Конвенцияның мақсаты адам құқықтарының жаппай сақталуын және барлығының білім алуға тең қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін ұлттар арасындағы ынтымақтастықты орнату, сонымен бірге, білім беру саласындағы кез келген кемсітушілікті жою болып табылады. Жалпыға бірдей мүмкіндіктер теңдігі мен осы саладағы барлығына бірдей қарым-қатынасты көтермелеу қарастырылады[3]. Бұдан басқа, Қазақстан білім беру және адам құқықтарын қорғау мен қамтамасыз ету саласындағы адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, Бала құқықтары туралы Конвенция, Біліктілікті тану туралы Лиссабон конвенциясы, адамның экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарының Халықаралық Декларациясы және Болон декларациясы сияқты халықаралық құжаттардың қатысушысы болып табылады [4, 250].

Қазіргі заманауи жағдайындағы білім берудің болашағы қоғамның даму үрдісімен, білімнің ғылыми интеграцияға ұмтылуымен, қоғамда жинақталып және үнемі өсіп отыратын ақпарат көлемінің әртүрлі тегімен анықталады. Интеграция дегеніміз: (латынша қалпына келтіру, толықтыру, бүтін) – педагогикалық тұтастықты қалыптастырып, білімді жүйелеу мен жинақтауда әртүрлі ғылымдарды біріктіру. Интеграция мен ғаламдастыру қатар жүріп келе жатқан бүгінгі таңда жоғары оқу орындары мен орта буын оқу орындарындағы білім берудің сапасы мен деңгейін жан-жақты көтеріп, жаңаша ойлайтын, оқыту мен тәрбиенің жаңа технологиясын күнделікті жұмысында қолдана білетін ұстаздардың ғана жұмысы жемісті болмақ.

Тәуелсіздік алған осы жылдар ішінде егемен еліміздің, қоғамымыздың әлеуметтік-саяси және басқа да салаларында түбегейлі өзгерістер болып жатыр. Соның бірі-білім беру саласы. Қай кезеңде болмасын жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру қоғам алдындағы ең маңызды, жауапты, іс болып қала береді. Сондықтан мемлекетіміздің даму, жанару жолындағы жаңалықтары мен түрлі өзгерістері еліміздің білім беру саласына да өз әсерін тигізуде. Бүкіл әлемдік білім беру кеңістігіне ұмтылыстар, қоғам дамуындағы қалыптасып отырған жаңа жағдайлар, тыңнан туындаған мәселелер, өзгеріп жатқан өмірге бейімделу қажеттігін туындатып отыр.

Азаматтық қоғам институттарын жан-жақты дамыту, мемлекет пен қоғам қатынастарын үйлестіру бағытының арқасында мемлекеттік және қоғамдық институттардың неғұрлым белсенді өзара іс-қимылына конституциялық тыйым салулар мен шектеулер алып тасталды. Елдің ішкі жағдайлары мен қажеттіліктеріне іс жүзінде

толық жауап беретін білім беру жүйесі де қазіргі кезде өз алдына жеке даму бағытына ие болды [5, 27].

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясат азаматтардың білім алу құқығын іске асыруды қамтамасыз етуге бағытталғаны сөзсіз, бірақ бұл салада осы құқықты толық іске асыру мүмкіндігіне теріс әсер ететін және тежейтін кейбір мәселелердің бар екендігін жоққа шығара алмаймыз. Мәселен, педагог кадрларды даярлау сапасының төмендігі, ал соның салдарынан - біліктілігі жоғары педагог кадрлардың тапшылығы және білім беруді қаржыландырудың жеткіліксіздігі сияқты бір қатар мәселелерді қарастыруға болады.

Европалық Экономикалық бірлесу және даму ұйымының (ОЭСР) дамыған елдерде жүргізген зерттеулеріне үнілсек, олардың тұжырымдарында білімділікпен қатар, алған білімді өз бетімен пайдалана алатын, оны қажетіне қарай одан әрі дамыта білетін функционалдық сауаттылықтың қажеттігі алға қойылған. Білім алушының білім, білік, дағдыларымен қатар, құзыреттілік сапаларының болуын қажет ететін тенденциялар қазіргі заманның «білім алу заманына» айналып келе жатқанын көрсетеді. «Білім беруден – білім алуға», «оқытудан – оқуға» көшу парадигмасы білім беру ресурстарын қайта қарау талаптарын қойып отыр. Соған орай, функционалдық сауаттылықты дамыту төмендегі іс-әрекеттерді тиімді ұйымдастыруды қажет етеді, олар: білім стандарттарын жаңарту және оны әр оқушыға тиісті дәрежеде меңгерту; оқыту процесіне жаңа әдістер мен технологиялар енгізу, білім беру ұйымдарын коммуникативтік – ақпараттық ресурстармен қамтамасыз ету.

Ал енді білім берудің қаржылық қамсыздандырылу тетігіне қатысты қарастыратын болсақ, ол білім беру мекемелерінің білім беру үдерісін қамтамасыз ететін қаржыландыруға қатысушылар арасында шарттардың жасалуы мен қатынастың қалыптасуын сипаттайды.

Осындай анықтаманы басшылыққа ала отырып, қаржыландыру тетігін білім беру мекемелеріндегі оқу үдерісін қаржылық ресурстармен қамтамасыз етуді ұйымдастыру субъектілері, құрылымы, қағидалары, процедуралары ретінде қарастыруға болады. Бұл тұжырымбілім берудің қаржылық қамсыздандырылу тетігінің біршама шектеулі анықтамасын береді, себебі мұның мазмұнында білім беру жүйесінің басты объектісі ретінде жоғары оқу орындары қарастырылмайды. Сондай-ақ, азаматтардың мүдделерін ескере отырып, құқық нормаларының тиімділігі мен ұтымдылығын қамтамасыз ету үшін, білім беру саласында қабылданатын нормативтік-құқықтық актілерді халықаралық стандарттарға сәйкестендіру мәселесін шешу де маңызды болмақ. Білім беру ортасындағы адам құқықтарын қамтамасыз етуде осы мәселелерді кешенді және сапалы шешу, білім беру саласындағы құқықтар мен бостандықтарды қорғаудың тетіктерін іздеу және енгізу азаматтық қоғамды дамытуға ғана емес, халықаралық қоғамдастықтың мүшесі ретінде елдің бәсекеге қабілетті дамуына мүмкіндік береді.

Білім беру ортасындағы адам құқықтарын қамтамасыз ету мүмкіндігі экономикалық және ғылыми-техникалық прогреске қол жеткізудің шарты мен кепілі болып табылады. Білім алу құқығы қоғамдық қатынастардың саяси-құқықтық сипаттамасы бола отырып, шын мәнінде ортақ игілікке айналуы қажет. Азаматтың білім алу құқығы жеке адамның құқықтары мен бостандықтарының бүкіл жүйесінің шешуші теориялық және эмпирикалық элементі болып табылатындығын және білім алу үшін тиімді тетіктер мен тиісті жағдайлар жасау арқылы қамтамасыз етілетінін түсіну керек.

Қорытындылай келе, Қазақстанда азаматтардың білім беру ортасындағы адам құқықтарын қамтамасыз ету мәселесі мемлекеттік реттеу және оны тиімді ресурстық қамтамасыз ету тұрғысынан кешенді шешуді талап етеді деп санаймыз. Экономика мен қоғамның қажеттілігін, озық халықаралық тәжірибе және қалыптасқан қазақстандық тәжірибені теңгерімді есепке алуды ескере отырып, мемлекеттік-құқықтық реттеу және заңнаманы жетілдіру азаматтардың білім алуға құқығын, білім алу ортасындағы қажетті жағдайлардың жасалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беріп және еліміздің білім беру жүйесінде жинақталған мәселелерді кешенді түрде шешуге әсер ете алады.

Әдебиеттертізімі:

1 Черниченко С.В. Теория международного права. В 2-х томах. Том1: Современные теоретические проблемы. М.: Издательство «НИМИ», 1999. – 245 с.

2. Ясвин В.А. Образовательная среда: от моделирования к проектированию. — М.: Смысл, 2001. - 365 с.

2. «Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 449Заны // <http://adilet.zan.kz/>.

3. Васильева Н.В. «Образование сегодня и завтра: пути преодоления кризиса». М.: «Экономика», 2011. – 258с.

4.Сапарғалиев Г.С. «Конституционное право РК», Алматы: «Юридическая литература», 2006.– 496с.

ҚАРАПАЙЫМ ҚҰҚЫҚТЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ӘДЕТ-ҒҰРЫП ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ӘРЕКЕТІ

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің конституциялық және халықаралық құқық кафедрасының аға оқытушысы Ыбырай А.Қ.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының оқытушысы Байназарова Т.С.

Дала өркениеті тарихында ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан оқиғалар мен өзгерістер орын алды. Бұл жағдайда қазақтар ежелгі дәуірдің мұрасы ретінде өздерінің негізгі құндылықтарын сақтап қалды. Қазақ халқының тарихи құндылықтарының бірі-әдет-ғұрып пен құқықтық жүйе. Мемлекеттік-құқықтық жүйенің мәдени және демократиялық дәстүрлеріне негізделген қазақ құқығы XIX ғасырға дейін өзінің реттеушілік маңызын сақтап келді. Қазақтардың құқықтық жүйесінің өміршеңдігінің екі себебі болды. Біріншісі көшпелі өркениеттің шаруашылық-тұрмыстық негізі болса, екіншісі дүниетанымдық құндылығын жоғалтпаған қоғамның сұранысы болды. Қазақ тарихи-құқықтық ескерткіші-көшпелі өркениеттің мәдени байлығы. Ол мыңжылдық тарихы мен өміршеңдігімен, адам бостандығын жақтайтын мінезімен ерекшеленді. Қазақ құқық субъектілік жүйесінің тарихын зерделеу қазақ қоғамының тұрмысы мен саяси билігіне, мемлекеттің әлеуметтік құрылымына байланысты күрделі мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді. Қандай да бір құқық қоғам талаптарына байланысты туындайды, бұл қазақ қоғамына қатысты күрделі мәселелерді қарау кезінде мемлекеттік-құқықтық қатынастардың маңыздылығын көрсетеді.

Біріншісі көшпелі өркениеттің шаруашылық-тұрмыстық негізі болса, екіншісі дүниетанымдық құндылығын жоғалтпаған қоғамның сұранысы болды. Қазақ тарихи-құқықтық ескерткіші-көшпелі өркениеттің мәдени байлығы. Ол мыңжылдық тарихы мен өміршеңдігімен, адам бостандығын жақтайтын мінезімен ерекшеленді. Қазақ құқық субъектілік жүйесінің тарихын зерделеу қазақ қоғамының тұрмысы мен саяси билігіне, мемлекеттің әлеуметтік құрылымына байланысты күрделі мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді. Қандай да бір құқық қоғам талаптарына байланысты туындайды, бұл қазақ қоғамына қатысты күрделі мәселелерді қарау кезінде мемлекеттік-құқықтық қатынастардың маңыздылығын көрсетеді. Көшпелі мемлекеттердің құқықтық қатынастарды реттеу жөніндегі қызметі әртүрлі тарихи кезеңдерде болғанына қарамастан, оның қызметі мен ішкі маңызы жақын болды. Қазақ хандығының құқықтық мәдениетін, саяси билік формаларын, мемлекеттік құрылымын дамыту үдерісі ерте заманнан бастау алады. Ежелгі уақытта және табиғи-дәстүрлі кезеңде Қазақстан аумағындағы қоғамдық қатынастар мен құқықтық жүйенің сипаты қазақ қоғамына тән құқықтық негіздердің